



*Қанабек Байсейітов,
Күләш Байсейітова*

«АЛМА БАҒЫНДА» ТУРАЛЫ

Біздің осы күнге дейінгі көп пьесаларымыздың драмалық жағы стандарт болып шығатын. Ал «Алма бағында» пьесасында ондай стандарттық кездескен жоқ.

Әуезов – шебер драматург, сондықтан да ол оқиғасы үлкен бай материал болмаса да, «Алма бағында» көркем образдармен әрі ұғымды, әрі жеңіл қылып жаза білген. «Алма бағында» әшкереленген жау үйдің ішімен, оттың басынан шығып, үлкен жаулық істейді. Бұл бір жаңалық көрінісі болса, екінші – автор күнде айтылып, жазылып жүрген (көп болмаса да) өндіріс пен ауыл шаруашылығының ірі бөлімдері емес, жаратылыс, өсімдік тақырыбынан алып, көрнекті оқиға құраған.

Адамның ішкі сана-сезімінің өзгеруі, ескі феодализмнің шіріген әдеттерінен арылу жөнінде біздің сахнамызда «Аристократтан» кейін көрініп отырған – осы «Алма бағында» пьесасы. «Алма бағында» – біздің халқымызды тәрбиелеу жөнінде, жастарымыздың, тіпті кейбір оқыған интеллигенттердің басындағы жаман әдеттерді, әсіресе үй тұрмысы, семья жөніндегі ескі көзқарасты қоюға үлгі аларлық, үйренерлік пьеса.

Біз «Алма бағында» пьесасының 13 июнь күнгі постановкасын көрдік. Театр коллективі автордың замыслын зрителге жеткізе алды. Жекелеп айтқанда, Самат рөлін атқарған Қалыбек нағыз реальный өмірде бар іскер, кең, шыдамды, байсалды басқарушы коммунистің образын көрсете алды. Ол әрбір сөзінен де, жүріс-тұрысынан да алма бақшасындағы аз ғана жастар ғана емес, олардан бұрын да талай жастарды тәрбиелеп, еңбекке, өнерге баулыған, талай өткелден өткен адам екенін айтпай-ақ танытты. Қалыбек Совет интеллигентін, әсіресе коммунистің образын жасауға шорқақ деушілердің сөзін өтірікке шығарды.

Дәукен рөлін атқарған Серке еді. Серке – образ жасағанда ойланып, әрбір кішкене қимылдарды да ұмытпай қадағалап, байқап, толық, шын образ жасайтын шебер артист. Бұл жолы да Серке шеберлігін көрсетті, сондықтан ескі оқыған интеллигент Дәукен сияқты жаудың сиқысыз түсін, айуандық қылықтарын қолмен қойғандай жасай алды.

Пьесадағы басты геройдың бірі – Сәлім. Бұл өзге аспиранттардан анағұрлым зерек, білімді, келешегі мол. Мичурин бақшасында тәжірибеде болып, көп өнер үйреніп, көп білім беремін деп келген адам. Сәлімнің рөлін атқарған Шәкен Айманов еді. Жалпы алғанда образы жақсы. Бірақ бұл жас адам, сондықтан да оның өмірінде күйіну-қуанулар көп кездеседі. Әсіресе онымен басында бақтағы жастар түсініспей, сөзге шалынып қалады, тіпті

жұдырық түйіп, ұрып жіберуге де тақайды. Өзінің сүйген қызы Зере өкпелеп, бақтан кетіп те қалады. Міне, осындай шым-шытырық оқиғаның ортасында жүргенде Сәлім үнемі бір кейіппен жүреді. Біздің ойымызша, бұл дұрыс емес. Шәкен образын әлі де жете қарап, ойлануы қажет!

Артистердің ішінде образы көзге көрінбей қалғаны – Әсия. Ол – алма бағының директоры Саматтың әйелі. Әсия не оқыған интеллигент емес, не оқыған үй шаруасының әйелі емес, әрі-бері жүрген адам болып көрінеді. Біздің ойымызша, автор да, режиссер де, Әсияның рөлін атқарған Ақанова да қайтадан ойлануы керек.

«Алма бағында» пьесасында ірі кемшіліктер де бар. Мысалы, баққа қонаққа келген ғылым қызметкері Қасеннің Мария Ивановна деген орыс әйелі бар. Сырт қарағанда, шынында да Мария оқыған, саналы әйел, мәдениетті, үлгілі әйел болуы керек. Бірақ автор да, режиссер де Марияны мектеп бітірген сапалы совет әйелі етіп көрсете алмайды. Мария басқа әлдеқалай жеңіл ойлардың тілегін орындайтын ескі орыс буржуазиясының шірік әдетін істеп жүрген әйел болып көрінеді.

Біздің ойымызша, қазақтың совет ғылым қызметкеріне жолдас болған орыс жас әйелді бұлай көрсету авторға да, режиссерге де саяси мін сияқты. Мария Ивановнаның рөлі қайта жасалуы тиіс!

«Алма бағында» пьесасының оқиғасы қызылды-жасылды гүлге бөленген қызықты бақшаның ішіндегі қуанышты көңілді, масайрасып мәз болған бақытты совет жастарының өмірін көрсетеді. Сондықтан да пьесаның оформлениесі – жасыл гүлді жаздың, жан иесіне нұр шашқан көрікті күннің көркем суретін көрсетерлік көңілді болуы керек еді. Бірақ ол тілек көзге көрінбеді. Оформление жағы көңілдегідей болмады. Бұған театр сахнасының тарлығы да себеп болған шығар. Алайда, сонау қызықты думан мен ойын-тойдың ішінде білім бұлағының көзін ашып, еңбектің қазанын қайнатып жүрген жастарға лайық декорация жасауға болар еді.

Постановканың ішінде музыкаға үлкен орын берілген. Бұл өте жақсы. Өйткені біздің заманымыздың бақытты жастары бас қосқанда әсем ән, көркем күйді соқпай отыра ала ма? Біздің жастардың өмірі – шырқаған әндей, музыканың ой тербетіп, сызылтқан сұлу даусындай тәтті өмір.

Алайда «Алма бағындағы» музыка көңілге қонымды, жүрекке жайлы, оқиғаға қабысатын сұлу музыка бола алмады. «Бағыстан» деген өлеңмен айтылатын ән бір-екі рет қана айтылудың орнына 3-4 рет қайталады. Және ән оқиғаға байланыспай, кез келген жерде заказ ретінде айтылды. Перделердің алдында ойналып отырған увертюралар да әрекетке үйлесімсіз, өйткені оркестр кілең ескі халық ән-күйлерін ойнады. Бірақ сахнада көрсетіліп отырған оқиғада ескі заманның әрекеті жоқ. Жаңа заманда болған оқиғалар. Постановщиктер осы ән, музыка жағын да қайта қарастырғаны мақұл.

Әсіресе айта кетерлік мәселе – академия театрларының сырты сұлу болып, ішкі жағы, жеке артистердің образдары көбінесе постановканың сыртқы сұлулығына үйлеспей жүр. Артист автордың жазған жансыз адамын жаны бар тірі образ қылып көрсете білуі қажет. Сондықтан пьесадағы адамдар сахнаға шыға келгенде өмірде де реальный адам сияқты бірінен-бірінің

айырмасы көрініп тұруы керек. Драма театрының жас артистері осы «Алма бағында» пьесасының постановкасында бірінен-бірі сонша алыстап кете алмай, образдары бір-біріне өте ұқсас болып тұрды. Бұдан былай қай театрда болса да постановканың сырты қандай сұлу болса, іші де (жеке образдары) сондай сұлу қылып жасалуы керек дейміз. Істің бұл жағына режиссер Боров жолдас ерекше көңіл бөлуі керек дейміз!

Жалпы алғанда, «Алма бағында» – жастарды едәуір өсіретін пьеса.

Күләш Байсейітова / құраст. А. Омарова. – Алматы : Өнер, 2012. – 15-17 б. – (Меретойлық әдебиет).